

**Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі
орталық аппаратының құрылымы туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 9 қараша N 1242. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі орталық аппаратының Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген құрылымы қосымшаға сәйкес, осы аппарат қызметкерлерінің саны шегінде 81 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігіне министрдің екі орынбасарын, сондай-ақ құрамында 11 адамы бар алқа ұстауға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінің орталық аппараты үшін қызметтік 3 жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 9 қарашадағы
N 1242 қаулысына
қосымша

**Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық
ақпарат министрлігі орталық аппаратының
ҚҰРЫЛЫМЫ**

Бұқаралық ақпарат құралдары, сараптау-талдау жұмысы және баспасөзде заңдылықтың сақталуын бақылау Бас басқармасы
Баспа қызметі, маркетинг және кітап тарту жетекші басқармасы
Қаржы-экономикалық жетекші басқармасы
Өндіріс, полиграфияны ғылыми-техникалық дамыту және сыртқы байланыстар жетекші басқармасы

Құқықтық реттеу бөлімі

К а д р б ө л і м і

Әкімшілік-шаруашылық басқармасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК